

АЛҒЫ СӨЗ

Әлеуметтік ғылымдар XII–XIII ғасырларда өркендей бастады. Ол заманауи мемлекеттердің дамуымен, халықаралық сауда мен коммуникацияның жаңа құралдарының жетілуімен бірге өсіп, кемелденді. Бұл сала урбанизацияға, таптық бөлініске, бала туу көрсеткіші, орташа өмір жасы, отбасы құрамы сияқты көрсеткіштерге һәм білім мен дін саласындағы, еңбек нарығындағы өзгерістерге қарай бейімделді. Сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар жаһандық және мәдени тұрғыдан әр алуан болды. Ол Батыстың өзі туралы құбылмалы идеяларына ғана емес, сонымен қатар ұлтшылдық пен халықаралық қатынастардың өзгермелі түсініктеріне, сан алуан мәдени дәстүрлер мен түрлі әлеуметтік негізде білімнің жаңа бағыттарының қалыптасуына да зер салды.

XIX ғасырда университеттердің дамуы және XX ғасырда жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының жүйелі түрде қайта құрылып, кеңеюі де өз ізін қалдырды. Өзге мәселелермен бірге оқу ордалары әлеуметтік ғылымдардың жеке пәндерге бөлініп, пәнаралық салаларды құруын қолдады. Қоғамдық ғылымдардың жаңа зерттеу бағдарламаларын тарату, жаңа мамандықтарды қалыптастыру жалғасып жатыр әрі әлеуметтік ғылымдарда жаңашылдықты талап етіп отырған қоғамда да өзгеріс көп. Мысалы, отаршылдық ұлттық тәуелсіздікке жол берді, енді тәуелсіз мемлекеттер де жаһанданудың жаңа түрлері аясында барған сайын бір-біріне тәуелді болып барады. Ал жаңа медиа коммуникацияны өзгертті.

Салалар мен қосалқы салалардың өркендеп, халықаралық деңгейге шығуы, инновациямен бірге тың терминдер мен құралдардың пайда болуы ғалымдар арасындағы коммуникацияны да қиындатып жіберді. Жаргондар да тарала бастады. Олар кейде сөздің дәл мағынасын бергенімен, әрдайым түсіндіруді қажет етеді. Әлеуметтік ғылымдардың ұғымдарға қатысты сөздік қоры, негізінен, әдеттегі тілмен үйлеседі. Бірақ бұл әлеуметтік ғылымдардың тілін түсінікті етпейді. Керісінше, оқырманды көп шатастырады. Мысалы, «тап», «қауымдастық» немесе «капитализм» дегендердің не екенін жұрттың бәрі біледі деп ойлаймыз. Сонымен қатар кездейсоқ оқырман «ұжымдық іс-әрекет» ұғымын білдіретін екі сөздің белгілі бір аналитикалық мәселеге қатысты өнер саласы термині екенін, оның «ұжымдық мінез-құлықтан» айырмашылығы бар екенін білмеуі мүмкін.

Әлеуметтік ғылымдар сөздік қорының молаюы зерттеушілерді бір-бірінен алыстатып, тосырқатып қана қоймай, қоғамдық ғылымдар мен қалың бұқараның арасына да тосқауыл қойып отыр. Бұл сөздіктің мақсаты – осы бөліністің арасын жақындатып, кедергіні жою. Біз сөздікті қандай да бір нақты академиялық пән немесе сала бойынша арнайы білімі жоқтар да пайдалана алатындай етіп дайындауға тырыстық. Сонымен қатар бұл сөздік әлеуметтік ғылым саласындағы ғалымдарға біраз айқын мағлұмат беріп, білімін байытатын дүние болады деп ойлаймыз. Өз мамандығынан тыс кітаптарды оқу кез келген ғалымды қарапайым адамның деңгейіне түсіруі мүмкін. Бұл сөздікті кей кезде психология бойынша жұмыстарды оқитын антрополог немесе экономикадағы техникалық тұжырымдаманы түсінуге тырысатын журналист сияқты кәсіби білігі жоқ көзіқарақты оқырманға арнаймыз.

Әлеуметтік ғылым салаларының әрқайсысына арнап сөздіктер шығарылды. Олардың сапасы мен сенімділігі әрқилы, бірақ «Экономика сөздігі» (*New Palgrave: Dictionary of Economics*, 1987) сияқты кейбіреуі елеулі ғылыми еңбек қатарына жатады. Алайда қоғамдық ғылымдар терминологиясын бір ғана пәннің тұрғысынан толық түсіну әрекеті шатасуға әкелуі мүмкін. Бұл *сөздік* қоғамдық ғылымдардың барлық саласын толық қамтып қана қоймай, әртүрлі пәндерді бір-бірімен байланыстыра отырып, шатасуды азайтуға көмектеседі. *Сөздіктің* саясаттану немесе әлеуметтану сияқты салалардағы зерттеушілерге пайдасы мол болады деп үміттенеміз. Себебі бұл салалар ішкі әралуандығымен, ауқымдылығымен ерекшеленеді. Мұндай әралуандық пен ауқымдылық – қоғамдық ғылымдарға тән нәрсе. Бұл *сөздікке* қажеттілік осы себепке байланысты туындады. Экономистер экономикадағы терминдердің анықтамаларын білу үшін бұл *сөздікті* жиі пайдаланбайды. Бірақ олар «институт» сөзінің басқа пәндерде қалай қолданылғанын немесе антропологтардың «басшысыз (акефал) қоғам» терминінің нені білдіретінін немесе Макс Вебердің кім екенін білгісі келсе, бұл сөздіктің кәдеге жарары анық.

Әлеуметтік ғылымдардың сөздік қорындағы сөздерді толық білетін адам әзірге жоқ. Өзіміз оқығанға дейін еш мән бермеген немесе бұрын анықтамасын толық түсінбей келген терминдерге қайта көз салу қажет. Сонымен қатар терминдер әртүрлі контексте әркелкі мағынада қолданылады. Олар көбіне біз біле бермейтін жолдармен қалыптасады. Мысалы, «азаматтық қоғам» термині бұрынырақта «қоғам» ұғымын қалыптастырып, қолданыстан шығып қалды, бертін келе, 1980–1990 жылдары ағылшын тіліне қайта оралып, нақты ұғымды білдіре бастады. Оның мағынасы шотланд, ағылшын, француз және неміс теориялық дәстүрлерінің әсерімен өзгеріп отырды. Содан кейін ол саясаттың қоғамдық өмірдегі үстемдігін түсіну, әрі оған қарсы тұру үшін коммунизм ішіндегі интеллектуал күрестің бір бөлігін суреттеді. Үндістан мен Африкада қолданысқа енгенде, бұл терминнің мағынасы өзгерді, ал америкалық индивидуализмге және «әлеуметтік капиталдың» бұзылуына қатысты сынның бөлігін сипаттай бастағанда мағынасы қайта құбылды.

Нақты салалар өздерінің ерекше терминологиясын шығарып қана қоймай, әртүрлі мағыналы ұқсас терминдер қалыптастырып жатыр. Бұл бір-бірімен байланысты болса да, бірнеше мағынасы бар «мәдениет» немесе «институт» сияқты кең тараған іргелі ұғымдарға қатысты. Кейде қарапайым тілдің бір бөлігі ретіндегі сөздің ортақ мағыналы түбірі бар. Бірақ ол әлеуметтік ғылымның түрлі контексіндегі әртүрлі ұғымдарға да қатысты. «Репрезентация» (*representation*) термині мағына қалыптастыру түсінігінің («зұлымдықтың мәдени көріністері») бір бөлігі ретінде басқа мағына берсе, демократиялық саясат теорияларында («өкілдік болмай салық төленбейді») өзге мағынада қолданылады. Әлеуметтану мен психологияда «санкция» термині негатив яки позитив мәнге ие болуы мүмкін, сонымен қатар марапатты немесе жазаны білдіруі ықтимал, ал халықаралық қатынастарда әрдайым негатив мағынаға ие. «Плюрализм» термині биліктің бөлініп-бөлінбегеніне я болмаса біреулердің басқаларға бағынатынына қарамастан, бір қоғамдағы әртүрлі этностық һәм ұлттық топтардың бірге өмір сүруін немесе этностық сипатына қарамастан, бірнеше әрі өзгермелі топтардың саяси билікті өзара үлестіруін білдіруі мүмкін.

Терминдер мағынасының әртүрлі болуы қоғамдық ғылымдар саласындағы әдебиетті оқитындарға қиындық туындатады, қолыңыздағы сөздіктің жазылуына осы мәселе себеп болды. Бұл сөздік – кедергілерді еңсерудегі ресурс ретінде маңызды құрал болады деп үміттенеміз. Алайда бұл кітап барлық шиеленісті шешеді, мәселені түп-тамырымен жояды деп айтудан аулақпыз. Шиеленістердің кейбірі қате оқудан немесе тарихи немқұрайдылықтан туындаса, көпшілігі талдау мен теориялық бағдарлар тақырыптарындағы айырмашылықтардан пайда болады. Бұл жай шатасудың алдын алу үшін ғана емес, қарама-қарсы көзқарастарды түсіну үшін де қажет. Шын мәнінде, ұғымдар мен олардың құрылымдарын қабылданатын әлеуметтік шынайылыққа сәйкестендіру күресі (теориялардың, болжамдардың және растаудың үстем модельдерінде

мойындалмаса да) қоғамдық ғылымдарды дамытудың негізгі тәсілдерінің бірі болып саналады. Оның үстіне, әлеуметтік ғылымдардың кейбір терминдері Уилфред Б. Галли «Философия мен тарихи түсініктеме» (*Philosophy and Historical Explanation*, 1967) кітабында «түбірімен даулы ұғымдар» деп атаған анықтамаға тура келеді. Бұлар мағынасы ешқашан толық бір анықтамамен берілуі мүмкін емес терминдер. Себебі олар тарихтың және практикалық күрестің бір бөлігі. Терминдердің мағынасы ғана өзгеріп қоймайды, сонымен қатар олардың мәніне байланысты күрес практикалық әлеуметтік әрекеттің әртүрлі жобаларының бір бөлігі болып есептеледі. Әлеуметтанушылар «демократия» сөзіне түсінікті анықтама бере алуы мүмкін. Бірақ бір жүйені немесе саясатты «демократиялық», ал екіншісін «демократиялық емес» деп атаудың саяси салдары бар, сондықтан бұл анықтама ешқашан жеткілікті болмайды әрі үнемі дау туғызады. Қандай да бір зерттеу жобасының мақсаттары үшін операциялық анықтама нақты да дәл болуы мүмкін. Бірақ операциялық анықтаманы анағұрлым кең тұжырымдамамен байланыстыру көбіне қиын. Оның үстіне, терминдердің қолданысындағы қарама-қайшылық тек бәсекелес теориялардың бар екенін көрсетіп қоймайды, әлеуметтік ғылымдар терминдерінің әлемді сипаттамайтынын, бірақ оны қалыптастыратынын аңғартады.

Ресурстардың әралуандығы мен терминдер қолданысындағы қарама-қайшылықты байқай отырып, *сөздікке* арнап нұсқаулық әзірледік. Біріншіден, біз *әлеуметтік ғылымның* нақты әрі стандарт анықтамасы жоқ екенін анықтадық. Бұл пәндердің бір «әулетке» жататыны туралы идея XIX ғасырдың соңында ғана қалыптасты. Олардың кейбіреулері жаратылыстану немесе физика ғылымдарынан ерекшеленгені үшін ғана «гуманитарлық ғылымдардың» қатарына кірді. Басқалары үшін ғылымның бірлігі деген идеал маңызды болып қала берді, оған қоса, «әлеуметтік ғылымдар» атауы үлкен айырмашылықты емес, саланы ерекшелеуді ғана білдірді. Әсіресе АҚШ-та ғалымдар гуманитарлық ғылымдардан ерекшелігіне баса мән беру үшін «әлеуметтік ғылым» тіркесіндегі екінші сөзге айрықша тоқталды. Кейбіреулер мұны «гуманистік әлеуметтік ғылым» ұғымына ашық қарсы қояды. Басқалары, әсіресе Еуропа ғалымдары, америкалықтар *the humanities* (гуманитарлық ғылымдар) деп атайтын саланы жалпылап, *science* (ғылым) дейді. Кей жағдайларда құқық та қоғамдық ғылымдарға жатады. Бірді-екілі құқықтық ұғымды қамтығанымызбен, *сөздікке* бұл сала терминдерін қоспадық. Бұл кітапта аталған мәселені толық шешпек түгіл, оны егжей-тегжейлі қарастыру мүмкін емес. Алайда сөздіктің мақсаты үшін операциялық анықтама керек болды. Біздің ұстанымымыз кейбір академиялық, пәнаралық салаларды және қоғамдық ғылымдарға жартылай ғана сай келетін өзге де салаларды қамту болды. Бұл жерде әлеуметтік құбылыстар мен қатынастарға назар аударатын отырып, «*әлеуметтік ғылымдар*» тіркесіндегі бірінші сөзге екпін түсірдік.

Бұл сөздік – осы ұстанымның нәтижесі. Мұнда экономика, саясаттану және әлеуметтану толық көлемде қамтылды. Әлеуметтік және мәдени антропология лингвистиканың (бірақ, шын мәнінде, толық емес) және археология мен физикалық антропологияның (бірақ егжей-тегжейлі емес) кейбір бөлігімен қатар берілді. Адам географиясы мен әлеуметтік география (оның саяси география және халық географиясы сияқты қосалқы салалары) да қамтылды. Бірақ терминдер мен ұғымдардың қажетті минимумын қоспағанда, физикалық география сөздікке кірген жоқ. Тарих пен тарихнама да қамтылды. Әйтсе де мұнда экономика, саясат, әлеуметтік және мәдени антропология немесе адам географиясындағы жүйелі фактілерден гөрі, аналитикалық тұжырымдарға назар аударылды. Біз әрқайсысының интеллектуал өмірде орны бар, әртүрлі қоғамдық ғылым пәндерінен ерекшеленетін, бірақ қоғамдық ғылымда ықпалы бар мәдениеттану, коммуникация, медиа зерттеулері, марксизм мен психоанализ сияқты пәнаралық салаларды қамтуға ерекше күш-жігер жұмсадық. Сонымен қатар кітапқа әлеуметтік ғылымдар философиясының негізгі тұжырымдамаларын қостық. Сондай-ақ философиядағы негізгі идеяларды, бағыттарды және ойшылдарды енгіздік. Себебі олар әлеуметтік ғылымдардың интеллектуалдық мұрасының ажырамас бөлігі. Статистика мен зерттеу

әдістерінен тек әлеуметтік ғылымдарға қатысы бар ұғымдарды алдық. Психология біз үшін сан қырлы сала болды. Таңдауымыз бен ұсынысымыз мінсіз емес екенін әрдайым ескере отырып, терминдерді өз пайым-біліміміздің деңгейінде саралап қостық. Себебі психология саласындағы жұмыстардың басым бөлігі әлеуметтік контекстерге нақты назар аудармай, адамдарға көңіл бөлді әрі саланың едәуір бөлігі жаратылыстану ғылымдарына (мысалы, неврология және/немесе психофармакология) бағытталды. «Би-хевиористік ғылымның» барлық өлшемдерін қарастыруға тырыспадық. Бұл терминнің аясы ұлғайып кеткен, ол интеллектуалдық бағыт пен пәндер жиынтығын білдіреді осы жағынан алып қарағанда, «әлеуметтік ғылымдармен» тоғысады, бірақ оған жатқызылмайды. Әлеуметтік ғылымның өзге пәндермен тығыз байланысынан қалыптасқан әлеуметтік психологияны, саяси психологияны, мәдени психологияны және қоршаған орта психологиясын біршама егжей-тегжейлі қамтуға тырыстық. Бұл салалардың барлығында талдаудың әлеуметтік һәм жеке бағыттары бар. Сол сияқты, әлеуметтік ғылыммен қиылысатын даму психологиясы мен когнитивтік ғылым салаларын да қарастырдық.

Жоғарыда айтылған біліктерге келгенде мұқият болуға күш салдық. Мұндай жағдайда міндетті түрде іріктеу жүргізіледі. Бірақ біз оны маңыздылық пен қолдану өрісі критерийлері арқылы шектеудің амалын жасадық. Әртүрлі интеллектуалдық ұстанымдардың сапасына, я болмаса терминдердің әрқелкі қолданылуына қатысты пікірлерден аулақ болуға тырыстық. Біздің мақсатымыз терминдердің нақты мәндерін, сондай-ақ оларды қолдануға байланысты осы интеллектуалдық мәселелерді түсінуге мүмкіндік беретін салмақты анықтама ұсыну болғандықтан, біз теорияларға қатысты тұжырымдамаларды табу және олардың аналитикалық мәнін түсіндіру үшін анықтамалар шеңберінің сыртына шығып отырдық.

Біздің түсіндірме ағылшын тілді дереккөздерге негізделген және, негізінен, ағылшын тілінде жүргізілетін әлеуметтік ғылымды сипаттайды. Біз басқа тілдерден келген идеяларды олар ағылшын тіліне аударылған яки ағылшын тілді әлеуметтік ғалымдар қабылдаған жағдайда ғана ұсынамыз. Әртүрлі неміс және француз терминдері ағылшын тілді әлеуметтік ғылымға сай келгендіктен пайда болды. *Бұл сөздік* аударма немесе терминология бойынша нұсқаулық емес.

Осы тұста тағы бір жайтты айта кетейік. *Бұл сөздік* бүкіл әлемдегі әлеуметтік ғылымдардың ерекше дәстүрлерінің нұсқаулығы емес, дегенмен ағылшын тілді әлеуметтік ғылымдарға қосқан үлесін айтқанда, оларды да біршама қамтиды. Алайда *бұл сөздік* халықаралық сөздік болып есептеледі, өйткені оны әзірлеуге ана тілі ағылшын емес мамандар көп қатысты. Басқа тілдердегі әлеуметтік ғылымдар сөздіктері де қатар шықса (кей тілдерде олар бар да), ондағы мәдени қауымдастарға қайсыбір терминнің яки ұғымның енуі мен шығып қалуының траекториясын бақылауға мүмкіндік туар еді.

Сөздікті ағылшын тілінде жазуды ұйғардық. Яғни біз түсінікті де нақты жазуға, сондай-ақ терминдер, ұғымдар мен ойшылдар туралы түсіндірмелерді мүмкіндігінше оқуға жеңіл етуге тырыстық. Жаргон пайдалы болуы мүмкін және біздің жобаның мақсаты, шын мәнінде, оларды түсінікті ету. Бірақ мұны бір-біріне байланысты жаргон кесінділеріне жүгінбестен, ағылшын тілінің елеулі ресурстарының көмегімен жасауға тырыстық. Оқырманды жалықтырмау үшін *сөздікті* барынша оқуға қызықты етіп жасауға күш салдық. Жақсы жазылған жазба түсінікті әрі анық болады. Бірақ оның жалғыз қызметі бұл емес. Барлық әлеуметтік ғылым үшін, әсіресе экономика үшін, математика немесе формалды логика шешуші мәнге ие. Бұл – құнды құрал; олар экономикалық теорияны көрсететін әдеттегі амалдар. Оларды айналып өту қазіргі экономиканың табиғатына нұқсан келтіру болар еді. Формулалар мен математика осы саланың бір бөлігі болып саналады. Сондықтан оларды осы кітапқа енгіздік. Бірақ математикалық формулалардың ағылшын тіліндегі аудармасына сүйене отырып, оларды мүмкіндігінше аз беруді ұйғардық. Сондай-ақ кітап бойынша сілтемелерді барынша аз бердік әрі оларды қарапайым тәсілмен көрсеттік. Негізгі кітаптарға олардың атауы мен алғаш

жарияланған жылы бойынша (қажет болған жағдайда қайта басылып шыққан жылымен толықтырылды) сілтеме жасалып, олар кітаптың соңында ұсынылған библиография бөлімінде көрсетілді. Сілтемелердің басым бөлігі дереккөздерді көрсетуге емес, оқырманды негізгі жұмыстармен таныстыруға арналған.

Оның үстіне, кітаптың көлеміне біз ұстанған қолжетімділік принципі де әсер етті. Әр мақала бойынша бұдан да көп нәрсе жазуға болатын еді, дегенмен кітаптың көлемін бір томмен шектеуді ұйғардық. Көп оқырман қандай да бір термин туралы егжей-тегжейлі түсініктеме алғысы келеді, көпшілігінің кітаптың ауыр да қымбат болғанын қаламасы анық.

Өмірбаяндарды іріктеп алу өте қиын болды. Олардың болуы маңызды. Тек әлеуметтік ғылымдар контексіндегі «адам қызығушылығы» ретінде ғана емес, әлеуметтік ғылымдарда адам қасаң ұғымдарды (немесе эмпирикалық фактілерді) айғақтайтын зат есімдер арқылы ғана білім жинамайды, тарихи тұлғалар мен олардың жұмыстарын білдіретін, ғылыми бағдарларды анықтайтын және зерттеу жолындағы көрсеткіштер қызметін атқаратын сөз тіркестері арқылы да білім аламыз. Заманауи әлеуметтік ғылымдарды түсіндіру үшін «веберлік», «боастық» һәм «кейнсиандық» терминдермен қатар «мінез-құлықтық», «рефлексивтік» және «аутопоэтикалық» терминдер де маңызды. Алайда біз әр сала бойынша 20–30 негізгі тұлғаның өмірбаянымен шектеліп қана қоймай, бұған отызға жуық жалпы философ-ғалымды қостық. Болашақта ықпалды болуы мүмкін деген заманауи зерттеушілердің орнына еңбектері 1970 жылдарға дейін танымал болған тұлғалармен ғана шектелдік. Өмірбаяны берілетін тұлғалар тізімін іріктеу кезінде басқа мәтіндік тізімдерді жасаудағы принциппен әр саладағы басты ғылыми-анықтамалық еңбектерге жүгіндік. Содан кейін оқулықтармен, библиографиялық индекстермен, әлеуметтік ғылымдардың дәйексөз индексімен (*Social Science Citation Index*), басқа да дереккөздермен таныстық. Алдын ала тізім жасап, ол тізімді *сөздіктің* редакция алқасы мүшелері мен кей тұста басқа салалардағы ғалымдар да қарап, тексеріп шықты. Кейінгі зерттеулер барысында тағы да қайта қарау ұсынылды. Кітаптағы мақалалар тізімі (1800-ге жуық) көп сөздіктен едәуір ауқымды болғанымен, жылдам қанат жайып жатқан салаларда пайда болған терминдердің толық жиынтығын қамтымайды. Кейін қайта қаралатын басылымдарда тізім толығы жатар.

Көп әріптесіміз бұл сөздікке түрлі тәсілмен үлес қосты және олар қосқан үлестері үшін мақтауға лайық. Бірақ кітаптағы барлық олқылық үшін өзім жауаптымын. Бұған басқа ғылыми-анықтамалық еңбектерді жинақтағандар да жауапты емес. Біз қуатты тұжырымдамалық құралдарды әзірлеген ғалымдарға ғана емес, оларды мүмкіндігінше анық та дәл келтіруге талаптанғандарға да сүйендік. Пәндік сөздіктер, энциклопедиялар мен оқулықтар сапаларының бірдей емес екені ақиқат. Кей авторлар негізгі анықтамалардың орнына жеке көзқарастарын берсе, бұдан сабақ алып, ол қателікті қайталамауға ұмтылды. Бірақ шабыт сыйлағандар көп болды. Мысалы, Дэвид Силлстің редакциясымен жарық көрген «Әлеуметтік ғылымдар энциклопедиясы» (*The Encyclopedia of the Social Sciences*) отыз жыл өтсе де, сапасын жоғалтпай келеді. Жалпы, негізгі ғылыми-анықтамалық авторларының жетістіктеріне сүйсіне қараймыз әрі олардың еңбегін жоғары бағалаймыз.

Бұл алғы сөзде «біз» дегенде бас редакторды және бар ынтасын салып, онымен көп уақыт өте өнімді жұмыс істеген екі көмекшісі – Джо Караганис пен Пол Прайстан тұратын топты айтып отырмын. Ғалымдар мен авторлар тобы керемет болғандықтан, олар бар күшін салып шығарған бұл кітап та керемет болуға тиіс. Үшеуіміз де Әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеу кеңесінің (*Social Science Research Council*) жұмыс ортасында еңбек еттік және бұл *сөздікті* жазуға көп әріптесіміз үлес қосты. Редакция алқасындағы үш әріптесім – антропология бойынша Джеймс Пикок, экономика бойынша Эндрю Шоттер және саясаттану бойынша Аристид Золберг елеулі үлес қосты. Сондай-ақ пәнаралық салалардағы немесе мамандандырылған қосалқы салалардағы терминдер тізімін қарастырған әріптестерге арқа сүйедік. Кітапқа үлес қосқан, жобаның соңғы нұсқасын

тексерген көп ғалымның еңбегін атап өткіміз келеді. Бастапқыда сөздіктегі мақалалардың авторын көрсетпеу туралы шешім қабылдадық, бірақ олардың да жұмысы ескерусіз қалмауы керек.

Oxford University Press баспасының редакторы Крис Коллинзге жобаға демеуші болғаны үшін алғысымды білдіремін. Крис осы жобаға мені таңдап, ерекше ілтипат көрсетті. Бірақ ол бұл жоба анағұрлым оңай болады деп, мені алдаған екен. Шын мәнінде, жоба мен ойлағаннан әлдеқайда оңай да табысты болғандықтан, оны кешіремін. Сондай-ақ Мэтт Джарратано, Марта Гольдштейн және Эбигейл Пауэрстың редакциялық/шығарушы тобына осы кітаптың әрбір мақаласы мен элементіне қосқан үлесі үшін алғыс айтамын. *Oxford University Press* академиялық ғылыми анықтамалардың жетекші баспасы ретінде өзін көрсете білді. Бұл сөздіктің де осы тізімге кіретініне қуаныштымын.

Осы «Әлеуметтік ғылымдар сөздігін» Роберт К. Мертонға арнаймын. Ол – әлеуметтанушылардың ішіндегі ең мұқият жазушы және редактор. Сондықтан ол нақты ойлап, ашық коммуникация жасағысы келетіндер үшін үлгі бола алады.

КРЕЙГ КАЛХУН
Нью-Йорк
Қараша, 2001 жыл